

«ХАН ЭКСПРЕСС» бонустық бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы адалдық бонус бағдарламасына қатысу шарттары (әрі қарай - «Шарттар») Бонус бағдарламасына қатысу шарттарын және тәртібін белгілейді.

1.2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының аймағында орындалады.

1.3. Бағдарлама 2022 жылы 18 мамыр сағат 12:00-де (Астана қ.) басталып, 2024 жылы 31 желтоқсан сағат 15:00-де (Астана қ.) аяқталады.

1.4. Бағдарлама Ұйымдастырушымен ұзартылуы мүмкін, сонымен бірге Бағдарламаны ұзарту кезінде Ұйымдастырушы Бағдарламаның Шарттарын өзгертуі мүмкін.

1.5. Бағдарлама ұйымдастырушысы болып «NetBet (НэтБэт)» ЖШС табылады, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Конаев қ., С.Сейфуллин көш., № 26/1 үй, 3 б., пошталық индекс 040803. БСН: 170140017744. № 23019645 лицензия 06.09.2023 ж. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті» РММ берілген, 09.03.2027 дейін жарамды.

2. Терминдер және ұғымдар

«Хан экспресс» бонустық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) — Ұйымдастырушы ұсынатын Қатысушылардың қызмет алу белсенділігін қалыптастыруға және арттыруға арналған Ұйымдастырушы бағдарламасы.

Жинақтаушы карта – Бағдарламаға Қатысушының интерактивті картасы, оның нөмірі жинақтаушы картадағы ақпарат (бонустардың ағымдағы саны) сақталған Қатысушының Ойын шотының нөміріне сәйкес келеді. Қатысушының өтініші бойынша Ұйымдастырушы Жинақтаушы картаны Қатысушыға кейіннен басып шығару үшін электрондық түрде бере алады.

Оферта — Қатысушыға Бағдарламаға қатысу үшін ұсынылатын Ұйымдастырушының жария Акцепт — Қатысушының Ұйымдастырушының ресми сайтындағы арнайы терезеде ресімделген Бағдарламаға қатысуға келісімі.

Бонустар — Қатысушының Жинақтаушы картасына/нан есепелетін/есептен шығарылатын немесе Бағдарламаға сәйкес тікелей ойын шотына есептелетін бонустар. Бонустар Бағдарламаға сәйкес пайдаланылуы мүмкін.

Қатысушы — жиырма бір жасқа толған, букмекерлік кеңседегі құмар ойындардың қатысушысы болып табылатын, Ұйымдастырушының ресми сайтында тіркелген, бәс тігуге қатысатын және Ұйымдастырушымен тәуекелге негізделген ұтыс туралы келісім жасасатын, Бағдарламаға қатысуға келісім берген тұлға.

Нәтиже — желіде көрсетілген оқиғаның нәтижесі.

Ойын шоты — ставкалар жасалып, ұтыс есептелгеннен кейін ақшалай қаражаттың қалдығы көрсетілетін Қатысушының шоты.

Жеке кабинет – ойын шотының теңгерімі, бонустар мөлшері, операциялары туралы ақпаратты қамтитын Ұйымдастырушының ресми сайтындағы Қатысушының жеке бөлімі.

Бонустарды есептеу — Қатысушының Ұйымдастырушының ресми сайтында нәтижесінде бонустар есептелетін әрекеттерді жасауымен байланысты операция.

Күші жойылған ставка — Ұйымдастырушы бәс тігудің күшін жойған ставка.

Ресми сайт — olimbet.kz мекен-жайы бойынша орналасқан Интернет желісіндегі Ұйымдастырушының сайты.

Бонустарды есептен шығару — Бағдарлама шарттарына сәйкес, Қатысушымен жасалатын операция.

Ставка - интерактивті ставка – төлем құралдарын пайдалана отырып, қатысушылардың тапсырмалары бойынша Ұйымдастырушыға букмекерлік кеңселердің ставкаларын есепке алудың біртұтас орталығымен табыстالاتын және Ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес құмар ойынға қатысу шарты болып қызмет ететін ақша қаражаттары оның ішінде электрондық қаражат.

Осы Бағдарлама бойынша экспресс — бір мезгілде бір біріне тәуелсіз бірнеше оқиғалар болжамына бәс.

Осы Бағдарлама бойынша OLIMPBET Экспресс — бұл экспресстегі 10 оқиғаға дейінгі әрбір бәс үшін минималды коэффициенті 2.5 немесе одан көп және ставкадағы әрбір оқиға үшін минималды коэффициенті 1.3 немесе одан көп экспрессте 10-нан астам оқиғаны қамтитын бір мезгілде бір біріне тәуелсіз бірнеше оқиғалар болжамына бәс.

3. Бағдарламаға қатысу

3.1 Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Бағдарлама 21 жастан асқан әрекет қабілеттілігі бар жеке тұлғалар үшін жария оферта негізінде жүзеге асырылады.

3.2. Бағдарламаға қосылу үшін Қатысушы Бағдарламаның келесі шарттарын орындауы қажет.

3.3. Жинақтаушы картаны белсендіру Қатысушы Бағдарламаға қатысуға келісім берген сәттен бастап іске асырылады.

3.4. Жинақтаушы карта бонустарды есептеу үшін қолданылады.

3.5. Қатысушы тек бір жинақтаушы картаға құқылы.

3.6. Бағдарлама бойынша алынған бонустар басқа бонустық бағдарламалардың бонустарына қосылмайды және есепке алынбайды.

3.7. Осы Бағдарламаға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелердің, Ставкаларды қабылдау және өткізілетін ұтыстар ережелерінің, «NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің жұмыс ережелерінің мәтінімен танысқанын, олардың мәнін білетіндігін, оларды дұрыс түсінгенін, және олармен толық көлемде келісетінін растайды.

4. Бонусты есептеу. Есептеу тәртібі

4.1. Ұйымдастырушы Бағдарламаның 4.3 тармағына сәйкес Бағдарламаның 4.2 тармағының шарттарын орындаған Қатысушыларға күн сайын, Бағдарлама әрекет ету мерзімінде бонустар есептейді.

4.2. Бағдарламаның әрекет ету мерзімінде Қатысушы белгілі бір коэффициентке кез келген сомаға экспресс ставка жасауы қажет.

4.3. Экспресске ставка жасаған Қатысушыларға тігілген бәс бойынша ұтыс мөлшеріне пропорционалды бонустар беріледі.

OLIMPBET Экспресс үшін 10 оқиғаға дейін (экспресс жалпы коэффициенті 2,5 немесе одан жоғары болатын 10 оқиғаға дейін қамтуы қажет), бонус мөлшері:

Оқиғалар саны— 2, бонус ұтыс мөлшерінен 2%.

Оқиғалар саны— 3, бонус ұтыс мөлшерінен 3%.

Оқиғалар саны— 4, бонус ұтыс мөлшерінен 4%.

Оқиғалар саны— 5, бонус ұтыс мөлшерінен 5%.

Оқиғалар саны— 6, бонус ұтыс мөлшерінен 6%.

Оқиғалар саны— 7, бонус ұтыс мөлшерінен 7%.

Оқиғалар саны— 8, бонус ұтыс мөлшерінен 8%.

Оқиғалар саны— 9, бонус ұтыс мөлшерінен 9%.

Оқиғалар саны— 10, бонус ұтыс мөлшерінен 10%.

OLIMPBET Экспресс үшін 10 оқиғадан астам (экспресс әр оқиға коэффициенті кем дегенде 1.3-ке тең 10-нан астам оқиғаны қамтуы қажет), бонус мөлшері:

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 11, бонус ұтыс мөлшерінен 15%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 12, бонус ұтыс мөлшерінен 12%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 13, бонус ұтыс мөлшерінен 30%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 14, бонус ұтыс мөлшерінен 40%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 15, бонус ұтыс мөлшерінен 50%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 16, бонус ұтыс мөлшерінен 60%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 17, бонус ұтыс мөлшерінен 70%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 18, бонус ұтыс мөлшерінен 80%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 19, бонус ұтыс мөлшерінен 90%.

Коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны — 20 және одан көп, бонус ұтыс мөлшерінен 100%.

4.4. Егер экспресс 10-нан астам оқиғаны қамтыса және экспресстің жалпы коэффициенті 2.5-тен көп немесе оған тең болса, бірақ коэффициенті 1.3-ке тең оқиғалар саны 11-ден кем болса, Қатысушыға ұтыс мөлшерінен 10% бонус беріледі.

4.5. Егер ставка қандай да бір себептермен жойылса, бонус есептелмейді.

4.6. Егер ұтысты есептеу кезінде OLIMPBET Экспрессте бір немесе бірнеше оқиға 1 коэффициентімен есептелсе, онда ол оқиғалар бонусты анықтауға қатыспайды.

Егер есептеу кезінде оқиғаны қайтаруға/қайта есептеуге орай экспресс коэффициенті 2.5-тен төмен болатын болса, бонус есептелмейді;

4.7. 10-нан астам оқиғаны қамтитын экспрессте 1.3-тен кем коэффициентпен есептелген оқиғалар OLIMPBET Экспрессте бонусты анықтауға қатыспайды.

Мысалы, 12 оқиғаны қамтитын экспрессте бір оқиғаның коэффициенті 1.3-тен кем болса, бонус мөлшері 15%-ға тең болады.

4.8. Бағдарлама бойынша бонусты есептеу ұтыс Қатысушының ойын шотына түскен сәтте жүзеге асырылады. Есептелген бонус Қатысушының ойын шотына аударылады.

4.9. Бонустарды есептеу және пайдалану Бағдарламаның әрекет ету мерзімінде ғана мүмкін.

4.10. Бағдарламада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Бағдарлама аясында төленген бонустарды сату, басқа тұлғаға аудару немесе беру, немесе басқа жолмен пайдалануға болмайды.

4.11. Бағдарламаға сатылған ставкалар/сатылған экспресстер қатыспайды.

5. Бонустарды пайдалану

5.1. Бәс ұтқан жағдайда, Бағдарламаның 4.3., 4.4. тармақтарына сәйкес бонус анықталған Қатысушының Ойын шотына 1 бонус = 1 теңге мөлшерінде есептеледі. Бұл ретте, бұл соманы Ставкаларды қабылдау және өткізілетін бәс тігу ережелерімен, Ұйымдастырушы Букмекерлік кеңсесінің жұмыс ережелеріне сәйкес интерактивті ставкаларды жасауға пайдалануға болады.

6. Қатысушы міндеттері және жауапкершілігі

6.1. Қатысушы Жинақтаушы картадағы бонустардың теңгерімін өз бетінше қадағалайды.

6.2. Өзі туралы жалған (нақты емес, қате) мәлімет енгізген жағдайда, сонымен қатар ескірген ақпарат уақытылы өзгертілмеген жағдайда, Қатысушы теріс салдардың туындау қаупін дербес өз мойнына алады.

6.3. Ойыншы осы Ережелерді, құмар ойындар Ұйымдастырушысымен бекітілген Букмекерлік кеңсесінің ставка қабылдау, өткізілетін бәс және жұмыс ережелерін өз бетінше немесе бір топ құрамында бұзған немесе бұзуға ниетті деген дәлелді күдік болған жағдайда, Ұйымдастырушы:

- жинақтау картасындағы бонустарды сөзсіз жоюға;
- ойыншыға Ұйымдастырушының бонустық Бағдарламаларына қатысуына тыйым салуға;
- ойыншының Жеке кабинетін құлыптауға құқылы.

6.4. Қатысушы Ойын шотының паролін сақтау және Ойын шотын басқаруға рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз кіруіне жол бермеу үшін жауап береді.

7. Ұйымдастырушының міндеттері және жауапкершілігі

7.1. Ұйымдастырушы Жинақтау картаға бонустарды уақытылы төлеуді қамтамасыз етеді

7.2. Ұйымдастырушы Бағдарламаға Қатысушыларға тікелей қызмет көрсететін байланыс операторларының жұмысындағы ақауларға, Бағдарламаға Қатысушының интернет-провайдерінің жүйелік ақауларына және басқа да техникалық ақауларына жауапты емес.

8. Дербес деректерді өңдеу тәртібі

8.1. Дербес деректерді өңдеу қолданушы Ұйымдастырушының сайтында дербес деректерді өңдеуге келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Дербес деректерді өңдеудің мақсаттары:

- бағдарламаны осы Ережелерге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өткізу;
- ұйымдастырушының салық агенті ретінде міндеттерін орындауы;

- электрондық байланыс желілері арқылы Ұйымдастырушыдан немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген тұлғалардан sms-хабарламалар, жарнама және хат-хабарламалар жіберу үшін деректерді пайдалану;

- Бағдарлама жарнамасы бағытталған тауарларды нарықта жылжытуға ықпал ететін жарнамалық және басқа да коммерциялық мақсаттарда Науқан Қатысушылары туралы инициалдарды (аты, әкесінің аты, тегі), туған күнін, суреттерді, фото- және бейнематериалдарды, сондай-ақ жеңімпаздар туралы сұхбаттарды және өзге де материалдарды пайдалану.

8.3. Қатысушы ұсынатын жеке мәліметтер тізімі Ұйымдастырушы немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген тұлғалар өңдейтін дербес деректердің тізімі www.olimpbet.kz сайтында тіркелген кезде Қатысушы енгізген мәліметтермен шектеледі.

8.4. Қатысушылар ұсынатын дербес деректермен жүргізілетін іс-шаралар тізімі: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жетімділік беру), жеке тұлғаны жекешелендіру, бұғаттау, жою.

9. Басқа ережелер

Осы науқанға қатысу құқығына қатысты барлық даулы жағдайларды және жүлдені алуға қатысты барлық мәселелерді Ұйымдастырушы шешеді. Бұл шешімді орындау міндетті болып табылады және Қатысушылар немесе кез келген үшінші тұлғаның шағымдануына жатпайды